

ОРЫС ТІЛІНДЕ ОҚЫТЫЛАТЫН МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫ ОЛИМПИАДАҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

**Кусаева Бибигуль Каримовна, Ақсай қаласының №4 жалпы орта білім
беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, ұлт бірлігінің, рухани тұтастығының, мәдени мұрасының тірегі. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақ тілін білу – әр азаматтың парызы» деп атап өткеніндей, қазақ тілін меңгеру – әрбір азаматтың рухани кемелденуінің, мәдени және зияткерлік дамуының маңызды бір бөлігі. Осы орайда мектеп қабырғасындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің маңыздылығы артып келеді. Әсіресе, орыс тілінде оқытылатын мектептерде бұл пән – тек тіл үйретудің құралы ғана емес, ұлттық құндылықтар мен көркем әдебиетті насихаттаудың, тілдік тұлға қалыптастырудың негізгі тетігіне айналып отыр.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен олимпиадаларға қатысу – оқушының тілді терең меңгеріп, әдеби шығармаларды саралай білуіне, өз ойын көркем тілмен жеткізе алуына мүмкіндік береді. Бұл үдеріс оқушының тұлғалық дамуына, шығармашылық әлеуетінің ашылуына жол ашады. Дегенмен, орыс тілінде білім алатын оқушылардың қазақ тілі мен әдебиетіне қызығушылығын арттыру, пәнге деген оң көзқарасын қалыптастыру оңай шаруа емес. Мұғалім бұл бағытта ынта мен іскерлікті, педагогикалық шеберлікті, сонымен қатар тиімді әдіс-тәсілдер мен жаңашыл технологияларды үйлестіре отырып жұмыс істеуі қажет. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен өтетін пәндік олимпиадалар – оқушылардың тілдік және әдеби сауатын арттырып, шығармашылық қабілетін шыңдайтын маңызды білім сайысы болғандықтан, олимпиадаға дайындық жүйелі жоспарлауды, терең білімді және тиянақты еңбекті талап етеді.

Олимпиадаға дайындық жүргізудегі алғашқы және маңызды қадам – дарындылықты байқау және ынталы оқушыларды таңдау. Кейде үлгерімі орташа оқушының шығармашылық қабілеті жоғары болуы мүмкін. Сондықтан тек бағаға емес, баланың пәнге деген қызығушылығына, логикалық ойлауына, тіл байлығына мән беру қажет. Осы орайда мотивация – басты қозғаушы күш. Олимпиадаға қатысудың мақсатын балаға түсіндіру, оған сенім арту, қолдау көрсету – дайындықтың алғашқы сатысы.

Олимпиадаға дайындық ең алдымен оқу бағдарламасын және өткен жылдардың олимпиада тапсырмаларын зерделеуден басталу керек. Бұл жұмыс дайындық барысында қандай бағыттар қамтылатынын, сұрақтардың қандай деңгейде болатынын анықтауға көмектеседі. Әдетте, олимпиада тапсырмалары үш бағытта беріледі:

- Тіл білімі (лексика-грамматикалық тестілер)
- Мәтінмен жұмыс (мәтінді талдау)
- Эссе жазу

Ең алдымен оқушы қазақ тілінің грамматикалық құрылымын (морфология, синтаксис, фонетика) толық меңгеруі қажет. Әр сынып деңгейінде оқу бағдарламасында қарастырылған лексика-грамматикалық тақырыптар

тереңірек меңгертіледі, талдау жұмыстары жүргізіледі. Фонетика бойынша дыбыстардың түрлеріне, буын түрлеріне, буын үндестігі мен дыбыс үндестігіне, морфологияға байланысты сөз таптарына, сөздердің жасалуына, етістіктің шақтары мен райларына, есімше, көсемше, тұйық етістікке, ал синтаксисте сөйлем мүшелеріне, құрмалас сөйлем түрлеріне, жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің айырмашылығына, сөзжасам бойынша жаңа сөздердің жасалу жолдарына, түбір сөз бен туынды сөзді ажыратуға, күрделі сөздерге, орфография мен орфоэпияға қатысты емле ережелеріне, сөздердің дұрыс жазылуы мен айтылуына ерекше мән беріліп, қосымша тапсырмалар ұсынылуы тиіс. Үлгі ретінде қарастырсақ, тапсырмалар дайындауда келесі мысалдарды басшылыққа алуға болады:

«Көзінің қарашығындай сақтады» тіркесінің мағынасын анықтаңыз

- а) Тым кішкентай нәрсе
- б) Қатты қорықты
- в) *Өте мұқият қорғады*
- г) Жасырып қалды

Түбір мен жұрнақты ажырат: *Жазушы*

- а) Жаз – түбір, ушы – жұрнақ
- б) *Жаз – түбір, у – жұрнақ, шы – жұрнақ*
- в) Жазу – түбір, шы – жұрнақ
- г) Жазушы – тұтас түбір

Берілген сөйлемнен бастауышты тап: «*Бүгін кітапханада сабақ өтті*»

- а) кітапханада
- б) *сабақ*
- в) бүгін
- г) өтті

Олимпиададағы маңызды жұмыс түрі — мәтінмен жұмыс. Ол оқушының аналитикалық, шығармашылық, тілдік білімін жан-жақты тексеретін тапсырма түрі. Мұндай тапсырмалар тек қана мәтін мазмұнын түсінумен шектелмейді, сол мәтін арқылы грамматикалық ережеге, мәтін құрылымына, негізгі ойға, стилистикалық тәсілдерге қатысты терең сұрақтарға жауап береді. Мәтінді талдау дағдыларын дамытуда негізгі ойды анықтауға үйрету үшін әр абзацтың, жалпы мәтіннің негізгі идеясын табуға, автордың стилі мен мақсатын анықтауға, автор қолданған тәсілдерді анықтауға, мәтін құрылымына назар аударуға: мәтіннің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдері өзара қалай байланысқанына назар аударту керек. Мәтін бойынша лексикалық және грамматикалық талдау жасау дағдысын қалыптастыруда қиын сөздер мен тіркестердің мағынасын ашу, сөздердің синоним, антоним, омонимдерін ажырату, сөйлемдердің түрлерін анықтап, синтаксистік құрылымын сипаттау тапсырмаларын орындату керек. Ашық және жабық сұрақтарға нақты әрі дәл жауап дайындау мен өз ойыңмен дәлел келтіре отырып, жауап жазуға бағыттайтын тапсырмалардың да маңызы зор.

Шығармашылық тапсырмалар орындауда жоғары буында олимпиадада эссе жазу міндетті. Сондықтан оқушы өзіндік ойын жазбаша, жүйелеп жеткізе білуге, мәтінді көркем тілмен өрнектеуге дағдылануы тиіс. Тапсырманың бұл

түрінде оқушының шығармашылық ойлау қабілеті мен тілдік сауатын тексеріліп, эссе жазу барысында нақты бір ойды дәлелді, логикалық жүйемен, әдеби тілді қолдана отырып жеткізуі талап етіледі. Оқушыны эссе жазуға дағдыландыру барысында мұғалім берілген тақырыптың мәнін терең түсініп, негізгі идеяны анықтай алуына, тақырып аясында өз ойын жүйелі, дәйекті жеткізуіне, тақырыпқа қатысты жалпы көзқарас білдіруіне, негізгі ойға қатысты мәселені қоя білуіне, ойын дәлелдеу үшін аргументтер келтіруіне, бөлімдер арасында логикалық байланысты сақтауына, стильдік бірізділікті сақтауына баса назар аударғаны жөн.

Әрбір дайындық сабағынан кейін оқушының қай деңгейде екенін сараптап, кері байланыс беру өте маңызды. Қай тақырыпты меңгерді, қай бағытта қиналады – мұның бәрін күнделікті бақылап, қажет болса жеке жұмыс жүргізу қажет. Мұғалімнің жылы пікірі, қолдауы мен бағыттауы – оқушының сенімділігін арттырады

Олимпиадалық дайындықта уақытты дұрыс жоспарлау – табыс кілті. Әр күнге нақты мақсат қою, қай тақырыпқа қанша уақыт бөлу керектігін анықтап алған тиімді.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен өзге ұлт оқушыларын олимпиадаға дайындау – мұғалім үшін үлкен жауапкершілік әрі шығармашылық үдеріс. Бұл бағыттағы жұмысты жүйелі, мақсатты түрде жүргізсе, оқушының тілді меңгеру деңгейі ғана емес, ұлттық құндылықтарға деген құрметі де артады және бұл жұмыс - үлкен еңбекті талап ететін күрделі, бірақ өте қызықты процесс. Жүйелі дайындық, ынта мен шыдамдылық арқылы кез келген оқушы жақсы нәтижеге жете алады. Мұғалім мен оқушы арасындағы тығыз байланыс та дайындықтың сапасын арттырады. Басты мақсат – білім алушының бойындағы қабілет көзін ашып, оны жан-жақты дамытып, табысқа жетелеу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарова, Г. А. Оқушыларды пәндік олимпиадаға дайындаудың кейбір мәселелері / Г. А. Назарова, Н. Е. Рамазанова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2018. — № 9 (195). — С. Т.1. 11-13. — URL: <https://moluch.ru/archive/195/48555/>
2. Қазақ тілі мен орыс тілінің салыстырмалы грамматикасы. Оқу құралы. 2-басылым. Мараховская О.Н., Тәжімұрат О.
3. ҰБТ, ҚБТ, олимпиадаға арналған тест жинақтары (Арман-ПВ, Дәуір, Мектеп баспалары)
4. «Қазақ тілі: тест тапсырмалары мен жаттығулар» – авторы: Ә. Жүнісбеков